



ӨНДІРІСТІК ЖИЫН

04.01.2018 жылы Б ғимаратында әкімшілік мүшелері және клиникалық, фармацевтикалық пәндер оқытушыларының қатысуымен өндірістік жиналыс өткізілді. Күн тәртібінде қарастырылған сұрақтарға сәйкес жиналыста оқытушылар емтихан сессиясы кезіндегі өзін-өзі ұстау этикасы түсіндіріліп, қорытынды мемлекеттік аттестацияның теориялық және тәжірибелік кезеңінің сұрақтары талданды.

«ЖЫНЫС ЖОЛЫМЕН ЖҰҒАТЫН АУРУЛАР» ДӘРІС



18.01.2018 ж. «Жыныс жолымен жұғатын аурулар» тақырыбында дәріс өтті. Қонаққа ҚЕ №5 гинекологы М.Ж. Қалдыбай, «ЖДО» психологы Жаркымбекова А.Т. келді. Дәріске жауаптылар колледж психологтары А.Н. Оскенбаева, Т.С. Алимкулова болды.

«НЕКЕ ТАЗАЛЫҒЫ» ТРЕНИНГ



24.01.2018 ж. «Қыз инабаттылығымен әдемі, әдептілігімен сәнді», «Неке тазалығы» тақырыптарында дәріс, тренинг. Мақсаты: Қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін қыз баланың бойына сіңіре отырып, әдептілікке, сыпайылыққа, инабаттылыққа, мол мейірімділікке, төзімділікке, шыдамдылыққа баулып, ар тазалығын жоғары ұстайтын қылықты қыз тәрбиелеу. Жауаптылар: колледж психологтары: А.Н.Оскенбаева, Т.С.Алимкулова және «Анатомия» пәнінің оқытушысы, медицина ғылымдарының магистрі: Д.Қ.Назар.

Біздің мекен жайымыз: Тараз қаласы, Ниетқалиев көшесі №20, Жамбыл медициналық колледжі. Басылым мүшелері: Әдістемелік кабинет, редакциялық коллегия алқасы.

КЕЗДЕСУ

10.01.2018ж. Ш.Уәлиханов атындағы Жамбыл облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында Елбасы Н.Назарбаевтың "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" бағдармалық мақаласы аясында Қазақстанның 100 жаңа есім жобасына енген полиция сержанты, көпбалалы әке Ғ.Қ. Арыстанбаев "Жаныңда жүр жақсы адам" атты кездесу кешіне 103, 110 топтар көрермен ретінде қатысты.



16.01.2017 ж.ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауын түсіндіру мақсатында "Елбасы Жолдауы – дамудың асыл арнасы!" атты жастар ресурстық орталығының мамандарымен кездесу ұйымдастырылды.

ГҮЛ ШОҚТАРЫН ҚОЮ РӘСІМІ

12.01.2018ж. Колледждің оқытушылары мемлекет және қоғам қайраткері Д.Қонаевтың 106 жылдығына орай ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсіміне қатысты.

ҚЫСҚЫ ДЕМАЛЫС



Жамбыл облысы денсаулық сақтау қызметкерлері кәсіподағы және студенттер кәсіподақ ұйымы қаржыландыруымен 2017-2018 оқу жылындағы қысқы демалыс уақытында оқу үлгерімі жақсы, белсенді студенттерді сауықтыру мақсатында Алматы қаласында орналасқан «Денсаулық» сауықтыру орталығына 23.01.-01.02.2018ж. аралығында 10 күнге Е.Қыпшақбаев, А.Сейдуалиева, А.Шернияз, С.Сериқова, А.Қолдағановалар барып, өте жақсы демалып қайтты.

ҚР ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә.НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА КЕЗЕКТІ ЖОЛДАУЫ



16.01.2018 ж. Колледждің конференц- залында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» 10.01.2018 ж. жарияланған Жолдауын талқылау үшін оқытушыларға арналған жиналыс өтті.

ҚР ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә.НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА КЕЗЕКТІ ЖОЛДАУЫ. «НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫ ТАРАЗ ҚАЛАЛЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС XXII КОНФЕРЕНЦИЯСЫНА ДЕЛЕГАТТАР САЙЛАУЫ

16.01.2018 жылы Жамбыл медициналық колледжінде «Нұр Отан» партиясы Тараз қалалық филиалы «Алау» партия ұйымының ұйымдастырумен жиналыс өтті. Топ жетекшісі — Сарыбекова Ж.Н. Қатысқандар: 85 партия мүшесі. Күн тәртібінде 2 мәселе қаралды: Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауынан туындайтын міндеттер туралы; «Нұр Отан» партиясы Тараз қалалық филиалының кезектен тыс XXII конференциясында делегаттар сайлау туралы. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылдың 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жамбыл медициналық колледж директоры Ж. Н. Сарыбекова өз пікірімен бөлісті. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылдың 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жамбыл медициналық колледжі «Тарих» пәнінің оқытушысы «Нұр Отан» партиясының мүшесі Ш.Е. Ашимова өз пікірімен бөлісті және «Нұр Отан» партиясы Тараз қалалық филиалының кезектен тыс XXII конференциясына делегаттар сайланды.



ҚР ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә.НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА КЕЗЕКТІ ЖОЛДАУЫ

ҚР ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә.НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА КЕЗЕКТІ ЖОЛДАУЫ. «НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫ ТАРАЗ ҚАЛАЛЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС XXII КОНФЕРЕНЦИЯСЫНА ДЕЛЕГАТТАР САЙЛАУЫ

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә.НАЗАРБАЕВТЫҢ 2018 ЖЫЛҒЫ 10 ҚАҢТАРДАҒЫ «ТӨРТІНШІ ӨНЕРКӘСІПТІК РЕВОЛЮЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ДАМУДЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ» АТТЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫНЫҢ ТОҒЫЗЫНШЫ БАҒЫТЫНА АРНАЛҒАН БІРЫҒАЙ ТАНЫСТЫРУ, НАСИХАТТАУ ЖҰМЫСТАРЫ ӨТКІЗІЛДІ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС

ӘДІСТЕМЕЛІК МЕКТЕП ОТЫРЫСЫ

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСУ

ӨНДІРІСТІК ЖИЫН

«ЖЫНЫС ЖОЛЫМЕН ЖҰҒАТЫН АУРУЛАР» ДӘРІС

«НЕКЕ ТАЗАЛЫҒЫ» ТРЕНИНГ

КЕЗДЕСУ

ГҮЛ ШОҚТАРЫН ҚОЮ РӘСІМІ



АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы басшысы

М.С.Жұманқұловтың қатысуымен 09.01.2018 жылы «Ашық есік күні» өткізілді. Басшы оқытушылардың, қызметкерлердің, студенттердің сұрақтарына жауап берді. 2016-2017 оқу жылының ІІ жарты жылдығында, 2017-2018 оқу жылының І жарты жылдығында атқарылған жұмыстарға сараптама жасалынып, колледж директоры Ж.Н. Сарыбекова денсаулық сақтау басқармасы басшысы М.С.Жұманқұловтың алдында қорытынды есеп берді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә.НАЗАРБАЕВТЫҢ 2018 ЖЫЛҒЫ 10 ҚАҢТАРДАҒЫ «ТӨРТІНШІ ӨНЕРКӘСІПТІК РЕВОЛЮЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ДАМУДЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ» АТТЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫНЫҢ ТОҒЫЗЫНШЫ БАҒЫТЫНА АРНАЛҒАН БІРЫҢҒАЙ ТАНЫСТЫРУ, НАСИХАТТАУ ЖҰМЫСТАРЫ ӨТКІЗІЛДІ



Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылдың 10 қаңтарындағы «Төртінші өнеркәсіптік революция

жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері атты Жолдауының тоғызыншы бағытында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында «Жемқорлықпен күрес және заңның үстемдігі-Жолдаудың басым бағыты» атты бірінғай таныстыру, насихаттау жұмыстары өткізіліп, студенттерге жемқорлықтың қоғамға кері әсерін беретіндігі туралы мәліметтер берілді.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС



Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы

10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіп

революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауының тоғызыншы бағытында жемқорлықпен күресті және заңның үстемдігін атап өтті. Осыған орай, Жамбыл медициналық колледжі, Елбасының халыққа жолдауының тоғызыншы бағытына көңіл аударып, ағымдағы жылдың 29 қаңтар, сағат 9.00-де қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында «Жемқорлықпен күрес және заңның үстемдігі - Жолдаудың басым бағыты» атты жиналыс өткізді. Жиналысты Жамбыл медициналық колледжінің директоры Ж.Н.Сарыбекова ашты.

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС



23.01.2018 ж. әдістемелік кеңес өтті.

Күн тәртібінде:

1. Орыс тілі және кәсіби орыс тілі пәндерінің оқытылуы мен білім сапасы.

Орыс тілін меңгеруде лингафон кабинетін қолдану сапасы.

Жауапты: Саурбаева Л.Б., №3 Жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндер циклддық әдістемелік комиссия төрайымы:

2. І-ші жартыжылдық қорытындысы бойынша дифференциалды сынақтар мен емтихандардың ұйымдастырылуы және өткізілу сапасы.

Жауапты: Шужеева Ж.Л., білім сапасын тексеру комиссиясының төрайымы, оқу бөлімінің меңгерушісі.

3. Оқытушылардың басылымға берген әдістемелік жұмыстары, оқытушылардың біліктілігін арттыру курстарынан өтуі туралы. Жауапты: Иманбекова Ж.Б., оқу-әдістемелік кабинетінің меңгерушісі

4. On-line жүйесінде Халықаралық қатысумен өткізілетін Республикалық семинар, шебер-кластар, хирургия пәнінен ашық сабақ өткізуді жоспарлау, қарастыру.

ӘДІСТЕМЕЛІК МЕКТЕП ОТЫРЫСЫ



«Озат тәжірибе-ортақ іс» тақырыбында жас мамандар семинары болып өтті.

Мақсаты:

Жас мамандардың педагогикалық

шеберліктерін арттыру және тәжірибелі оқытушылардың сабақ өткізу әдістемесінің қыр-сырымен таныстыру мақсатында практикумдар өткізу, оқытушыларға әдістемелік көмек беру және жас мамандарды ұжымдық ортаға бейімдеу.

1. Сабақ-оқу процесін ұйымдастырудың негізгі (формасы) түрі.

Жауапты: Әдіскер Л.К.Батаева, Ж.Р.Алтынбекова, Ж.А.Токташева.

2. Студенттердің «Мейірбике ісі» пәндерінен өзіндік жұмыс жүргізу қабілетін дамыту жолдары. Практикум.

Жауапты: О.А.Махамбетова.

3. Фармацевтикалық пәндер бойынша оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері. Практикум.

Жауапты: Ұ.М.Ахметова.

4. Студенттердің білімін, біліктілігін, дағдыларын бағалау. Бақылау түрлері.

Жауапты: тәлімгер Д.М.оқсанбаева.

Семинарда әдіскерлер Ж.Б.Иманбекова, Л.К.Батаева және тәжірибелі оқытушылар О.А.Махамбетова, Ж.Р. Алтынбекова, Ж.А. Токташева, Д.М. Токсанбаева өз іс тәжірибелерімен бөлісті.

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ



10.01.2018 жылы Тараз қаласы ІІБ ЖПҚ-ның КТІЖ полиция аға лейтенанты Холашов Серік Аярбекұлы және Тараз қаласы ІІБ ЖПҚ-ның КТІЖ

полиция аға лейтенанты Данекеев Дидар Қабландиевич «Құқық бұзушылықтың алдын алу – басты міндет» тақырыбында 103, 108, 111 топ студенттерімен кездесіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСУ



12.01.2018 жылы кәсіптік бағдар беру және түлектерді жұмыспен қамту жылдық жоспары

аясында колледж оқытушылары Э.Ж.Кудебаева, Ж.А.Токташева, С.Г.Бибосынова, М.Л.Ералиев, Б.Т.Ержанов Тараз қаласының №51 орта мектебінің 9 сынып оқушыларымен кездесу өткізді. Оқушыларға колледж тарихы мен колледжде оқытылатын мамандықтар туралы толық мәлімет дайындалып, ақпараттық брошюралар таратылды. Сонымен қатар, бүгінгі күнде шұғыл жағдайлардағы жедел көмек көрсету маңыздылығын насихаттау мақсатында Э.Ж.Кудебаева, Ж.А.Токташева, М.Л.Ералиев, Б.Т.Ержанов.«Жүректің кенеттен тоқтауы кезіндегі шұғыл көмек. Базалық жүрек-өкпе реанимациясы», «Жарақаттар кезінде жедел көмек көрсету», «Сыртқы қан кетуді тоқтату», «Мұрыннан қан кеткенде жедел көмек», «Естен тану кезіндегі жедел көмек» тақырыптарында тәжірибелік дағдыларды көрсетті.